

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша
қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Қуанышбай Нұрлан Алтынбекұлы
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: 87754203007 / 87075203007
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): «Өңірдегі БАҚ пен баспасөз қызметкерлерін жан-жақты қолдауға бағытталған кешенді іс-шаралар жобасын жүзеге асыру»
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2024 жылдың 25 сәуірі – 28 қараша 2024 жыл
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 11 076 000 (он бір миллион жетпіс алты мың) теңге

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

1 міндет. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған кемінде 6 модульдік оқыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру

1 іс-шара. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған кемінде 6 модульдік оқыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру

Бұл ауқымды 6 модульден тұратын оқыту бағдарламасы шілде айында бастау алып қазан айының аяғында аяқталды. Жалпа қатысушы саны – 150 адам.

1. Ағымдағы жылдың **шілде айының 27-28 күндері** модульдік оқытудың №1 модулі БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларына арналған «Қазақстандағы factchecking: маңызы, мәні және құралдары» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты: Өңірдегі медиа және баспасөз мамандарына фотофейк, видеофейк, фактчекердің киберқаіпсіздігі мен цифрлық қауіпсіздік құралдарын тиімді пайдалануды үйрету.

Тренингті жүргізген: «Factchek.kz» сайтының журналисті, медиа-тренер Жансерік Тілеухан.

Екі күндік оқыту тренингі келесі тақырыптарды қамтыды:

1. Фотофейк және видеофейк:
 - Фейк контенттің түрлері және оның таралуы
 - Тексеру әдістері мен құралдары (мысалы, метадеректерді талдау, визуалды ізденіс)
 - Тренингте қатысушылар фото және видеофейктерді анықтау.
2. Фактчекердің киберқаіпсіздігі:
 - Киберқаіпсіздік негіздері

- Деректерді қорғау және қауіпсіздік шаралары
- Құпиялылықты сақтау мен қорғау техникалары.

3. Цифрлық қауіпсіздік құралдары:

- Интернеттегі қауіпсіздік құралдарының шолу
- Қауіпсіздік бағдарламалары мен олардың қолданылуы
- Тренингте қатысушылар әртүрлі цифрлық қауіпсіздік құралдарын тестілеу.

Тренинг барысында қатысушыларға фактчекинг ұғымымен және оның заманауи медиа-ландшафттағы маңыздылығымен таныстырудан басталды. Қатысушыларға цифрлық ортада жиілеп бара жатқан бейне және фото фейктерді қалай тануға болатыны егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Сонымен қатар, фотофейк пен видеофейкті анықтаудағы негізгі әдістер мен құралдарды қолдануда өз қабілеттерін жақсартты. Олар киберқауіпсіздікке қатысты ақпаратты жақсы меңгерді және цифрлық қауіпсіздік құралдарын қолдануда тәжірибелі болды.

Тренинг қатысушылар үшін пайдалы практикалық тәжірибе болды, олардың факт-чек және жалған ақпаратпен тиімді күресу үшін қолданыстағы әдістер мен құралдар туралы хабардарлығын арттырды.

2. Ағымдағы жылдың **22 – 23 қазан күндері** модульдік оқытудың №2 модулі Ақтау қаласында мемлекеттік органдар мен мемлекеттік деңгейге теңестірілген ұйымдардың баспасөз хатшылары, БАҚ және МЕДИА ұйымдарының SMM, PR, қоғаммен және жұртшылықпен байланыс бөлімі мамандарына арналған «Баспасөз қызметін ұйымдастырудың тәсілдері мен модельдері» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты: Қатысушыларды баспасөз қызметін ұйымдастырудың негізгі әдістері мен үлгілеріне, сондай-ақ заманауи коммуникация құралдары мен әдістеріне үйрету.

Тренингті жүргізген: «Маңғыстау Медиа» ЖШС қарасты Маңғыстау газетінің бас редакторы Тындырғанова Лаура.

Екі күндік оқыту тренингі келесі тақырыптарды қамтыды:

- Баспасөз қызметінің міндеті, ерекшеліктері
- Баспасөз қызметін ұйымдастыру жұмыстары
- Баспасөз қызметінің БАҚ-пен жұмысын үйлестіру
- Баспасөз хатшыларына арналған журналистика негіздері (пресс-релиз қандай сұрақтарға жауап береді, лид, төңкерілген пирамида)

Тренинг барысында қатысушыларға баспасөз қызметінің міндеттері, ұйымдастыру жұмыстары қалай жүргізілетіні, заманауи коммуникация құралдарын тиімді пайдалану бойынша өздерінің білімдерін жетілдірді. Тренинг қатысушылар үшін пайдалы практикалық тәжірибе болды. Қатысушылар өздерінің білімдерін жетілдіре отырып, баспасөз қызметінде кезігетін басты ережелермен танысты.

3. 2024 жылдың **23 – 24 қазан күндері** модульдік оқытудың №3 модулі «Маңғыстау Медиа» ЖШС СММ маманы, журналист Нұргүл Әлиясова «Заманауи медиа технологиялар мүмкіндігі, SMM құралдары мен дағдылары» тақырыбында жүргізді.

Екі күндік оқыту тренингі келесі тақырыптарды қамтыды:

- Әлеуметтік медианың мүмкіндіктері
- SMM және контент жоспар
- Контент форматының әртүрлілігі мен аудиторияның белсенділігі

- Контент дайындауға көмектесетін боттар мен бағдарламалар

Қатысушылар оқыту барысында Ақпаратты таратудың жаңа дағдыларымен және СММ құралдары мен дағдылары туралы білім алды. Қазіргі кезде әлеуметтік медианың мүмкіндіктері туралы тыс ақпараттармен таныс болды. Қатысушыларға контент дайындауға арналған қосымшалар көрсетіліп, қалай жұмыс жасау керектігі түсіндірілді.

Қатысушылар тренингке қатыса отырып өзара практикалық тәжірибе жүргізді. Instagram желісіне арналған REELS, Stories түсіріп әртүрлі аудиторияға ұсынып көрді. Интерактивті контентпен танысу барысында Stories-ті қызықты жүргізу үшін әртүрлі тақырыптарға арналған сауалнамалар жасап оқырмандарға ұсынып көрді. Оқырмандармен кері байланыс орната отыра реакция, пікірлерге жауап берді. Одан бөлек сапа жағына мән беріліп “CANVA, CapCut” және т/б қосымшалар арқылы әсемдеуді үйренді.

4. 2024 жылдың **24 -25 қазан күндері** модульдік оқытудың №4 модулі «Кризистік коммуникация» тақырыбында «Атамекен» бизнес телеарнасының Маңғыстау облысы бойынша меншікті тілшісі Жадыра Шалабаева жүргізді.

Екі күндік оқыту тренингі келесі тақырыптарды қамтыды:

- PR саласындағы дағдарыс дегеніміз не?
- Кризистік коммуникацияға жалпы түсінік
- Баспасөз хатшыларының дағдарыс кезеңінде әрекеттері, Дағдарысқа дейінгі уақыт
- Кризис орын алған уақыттағы баспасөз хатшысының әрекеті.
- Цифрлы дәуірдегі PR маманының әрекеті

Тренинг қатысушыларына кризистік коммуникация түсіндірілді. Медиа саласының маманы ретінде дағдарыс жағдайында ескеру керек ережелерді, нақты әрекет етумен оны шешу жолдарын үйретті. Қатысушылар осы тақырып аясында өздеріне қажетті көптеген ақпараттарды ала отырып цифрлы дәуірдегі PR маманы дағдарыс жағдайларында жедел, сенімді және көпарналы байланыс орната отырып, ұйымның беделін сақтауға және қоғамдық пікірді оң бағытта қалыптастыруға ықпал ететіндігін түсінді.

5. 2024 жылдың **29-30 қазан күндері** модульдік оқытудың №5 модулі «Ақпаратты іздеу, талдау және жазу», «Журналистік зерттеу жүргізу» тақырыбында өткізілді.

Тренингті жүргізген спикер: «АТАМЕКЕН BUSINESS» телеарнасы Жаңалықтар бөлімінің бас редакторы Сопбеков Нұржан.

Екі күндік оқыту тренингі келесі тақырыптарды қамтыды:

- Мақалалар мен жаңалықтар үшін өзекті тақырыптарды тиімді табу және материалдың мазмұнын күшейтіп, оқырманның қызығушылығын оятатын өткір тақырыптарды қою
- Тақырыпты есте қаларлықтай қалай қоямыз?!
- Мақсатты аудиторияны талдау:
- Тақырып жазудағы ережелер мен қателіктер

Тренинг барысында қатысушылар ақпарат көздерінің бірнеше санаттарымен танысты. Тақырып қою медиа және коммуникация саласында маңызды рөл атқарады, өйткені тиімді тақырып қою және аудиторияны зерттеу материалдың мазмұнын күшейтіп, оқырманның назарын аударуға мүмкіндік береді. БАҚ өкілдері өткір бірақ негативті емес тақырыптарды қалай табуға болатынын түсіндірді. Есте қаларлықтай тақырып ойлап табу және де тақырып жазудағы ережелермен қателіктерді талқылауды үйретті.

Тренинг қатысушыларға өзекті тақырыптар табу, есте қаларлық тақырып қою, аудиторияны терең талдау және тақырып жазудағы қателіктерден сақтану дағдыларын үйретті. Бұл дағдылар материалдың тартымдылығын арттырып, оқырманмен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік беретінін ұғынды. Практикалық тәжірибе ретінде ағымдағы жаңалықтарға сүйене отырып бірнеше тақырыптар ойлап тапты.

6. Ағымдағы жылдың **30-31 қазан күндері** модульдік оқытудың соңғы №6 модулі Медиасауаттылық «Қазақ тілді мәтіндегі топ қате және жеке бренд» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренингті жүргізген спикер: «Хабар» телеарнасының директоры, тележүргізуші», «Мөлдір сөйле» блогының авторы Мөлдір Доспаева.

Оқыту тренингі келесі тақырыптарды қамтыды:

- Медиасауаттылық
- Қателердің алдын алу
- Тіл мәдениеті

Тренинг қатысушыларына медиасауаттылық, қателердің алдын алу және тіл мәдениеті – бүгінгі күннің маңызды аспектілері болып табылатыны, олардың әрқайсысы кәсіби ғана емес, жеке тұлғаның қоғамдағы әрекетін де қалыптастыратыны түсіндірілді.

Қатысушылар тренинг барысында көптеген инсайдар алды. PR және басқа да коммуникация саласындағы мамандар үшін цифрлы заманда медиасауаттылықтың маңызы айрықша екендігін ұғынды. Кез келген қателік ұйымның беделіне, сенімділігіне кері әсер етуі мүмкін екендігін түсінді. Сөздің байлығын, сөйлемнің құрылымын дұрыс пайдалана білу, орынды сөйлеу және мәдениетті тіл қолдану – әрбір маманға қажетті қасиеттер екенін ескере отырып, спикер дайындаған мәтіндерге шолу жасап орфографиялық қателіктерді түзетті. Спикермен практикалық тәжірибе алмасты.

Аталған 6 модульдік оқыту тренингіне Республикалық және жергілікті телеарна журналистері, телебағдарламалар жүргізушілері, Республикалық, облыстық, аудандық және ауылдық газет редакторлары, қазақша сайт тілшілері, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік деңгейге теңестірілген ұйымдардың баспасөз хатшылары, БАҚ және МЕДИА ұйымдарының SMM, PR қоғаммен және жұртшылықпен байланыс бөлімдері мамандары қатысты. Қатысушылардан осы өткізілген тренингтер бойынша сауалнамалар алынды. Сауалнама барысында 80% -дан жоғары қатысушыға өткізілген тренингтер ұнағанын аңғардық. Алдағы уақытта басқада спикерлермен өткізілетін тренингтерді күтетінін және де гид тренерлерді шақыра отырып білімдерін жетілдіріп жаңа технологиялар арқылы жаңғыртып отыру туралы ұсыныстар түсті.

<https://www.instagram.com/reel/C-hnDpPMG8u/?igsh=MWFoYWI2d2wyeGk1bw==>

2 міндет. Маңғыстау облысындағы медиа мамандардың өзара ынтымақтастығын арттыру және ынталандыру мақсатында қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шаралар ұйымдастыру

1 іс-шара. «БАҚ Кубогі» БАҚ саласының қызметкерлері мен ардагерлерінің қатысуымен ерлер арасында шағын футболдан турнир ұйымдастыру

Ағымдағы жылдың 30 маусым күні Маңғыстау облысы бойынша БАҚ саласындағы қызметкерлері мен ардагерлердің қатысуымен ерлер арасында шағын футболдан «БАҚ Кубогі» атты турнир ұйымдастырылды. Аталған турнирге аймақтағы БАҚ саласының қызметкерлері мен ардагерлерінен құралған кемінде 8 команда қатысты.

А-тобы:

1. "Маңғыстау" ТВ

2. "Жаңаөзен" ТВ
3. Маңғыстау Медиа
4. Боранқұл

Б-тобы:

5. Мұнай тамшылары
6. Бейнеу ауданы әкімінің баспасөз қызметі
7. "Қоғамдық коммуникация орталығы" ЦОК
8. "Жағымды жаңалық" құрамасы

Финалдағы тартысты ойын "Маңғыстау" телеарнасы мен Мұнай тамшылары арасында өтті. Турнир қатысушылары облыстық деңгейдегі «БАҚ КУБОГІ» иеленді. БАҚ қызметкерлерін арнайы Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілеген Аханұлы құттықтап, марапаттады. Шараға жалпы 80 адам қатысты.

1-орын: 100 000 тенге.

2-орын: 70 000 тенге.

3-орын: 50 000 тенге.

https://www.instagram.com/reel/C86wQffM_ra/?igsh=MXBkNTlxcXNoZzliYw==

2 іс-шара. Өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларының қатысуымен «BasTime» зияткерлік сайысы ұйымдастыру.

Жоба аясында Ақтау қаласында 2024 жылы 28 маусым БАҚ қызметкерлері күніне орай өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларының қатысуымен «BasTime» зияткерлік сайысы ұйымдастырылады.

Интеллектуалды ойынды жүргізген: «BasTIME_Aktau» қазақша куиз жетекшісі Алтынгүл Меңдіхан.

Интеллектуалдық сайысқа онлайн сауалнама арқылы 100-ге жуық БАҚ өкілі тіркеліп, оның 90-ға жуық БАҚ өкілдері қатысты.

Сайыста барлығы 11 командаға бөлінді. Олар: «Маңғыстау» телеарнасынан, «Маңғыстау медиа» ЖШС-нен, өңірдегі меншікті тілшілер, аудандық баспасөз хатшыларынан, үкіметтік емес ұйым басшыларынан, аймақтағы мұнай компанияларының жұртшылықпен байланыс департаменттерінен келген мамандармен, Жолбаян радиосы қызметкерлерімен, Бейнеу және Жаңаөзен қаласынан арнайы келген журналистер мен баспасөз өкілдерімен толықты.

Зияткерлік сайыс 8 турдан тұрады. Классикалық турда әдебиет, тарих және медиа саласына қатысты сұрақтар болса, медиа куизде кино мен музыкаға қатысты қызықты сауалдар беріліп өте эмоциональды ойын болды.

Жалпы 8 турдың қорытындысы бойынша 11 команданың үшеуі жеңімпаз атанды. Үшінші орынды аудандық баспасөз хатшыларынан құралған «Массовка» командасы, екінші орынды Маңғыстау телеарнасынан келген «24-8» командасы мен бірінші орынды қоғамдық коммуникациялар орталығының атынан қатысқан «Позитив» тобы иеленді. Ойын соңында жеңімпаз атанған командаларға диплом, кубок және сертификаттар табысталды. Сондай-ақ, жүлде қоры табысталды.

«BAQ MEDIA QUIZ» қорытындысы бойынша жеңімпаз атанған командалар:

1-орын: «ПОЗИТИВ» командасы – 100 000 тенге.

2-орын: «24/8» командасы – 70 000 тенге.

3-орын: «MASSOVKA» командасы – 50 000 тенге.

<https://www.instagram.com/reel/C8xJ9xkM9HA/?igsh=ODhiOGQxMWZzenph>

3 міндет. Маңғыстау облысындағы БАҚ қызметкерлерінің журналисттік зерттеу жүргізуін ынталандыру

1 іс-шара. Өңірде БАҚ қызметкерлері арналған «Үздік зерттеу - 2024» журналистер байқауын өткізу («Үздік сюжет», «Үздік бағдарлама», «Үздік журналисттік зерттеу», «Үздік сыни мақала», «Үздік экономикалық сараптама», «Үздік әлеметтік мәселе» аталымы бойынша)

Ағымдағы жылы 19 қарашада БАҚ қызметкерлеріне арналған «МАҢҒЫСТАУ – МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ» байқауы жарияланды. Байқау ережесі тапсырыс беруші «Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісе отырып жасақталды.

Байқаудың негізгі мақсаты – Маңғыстау облысының оң имиджін қалыптастыру.

Аталған байқау туралы қордың әлеуметтік желідегі парақшасында жарияланды. Сонымен қатар, Whatsapp арқылы аймақтағы БАҚ қызметкерлері тіркелеген чаттарға таратылды. Байқауға қатысу үшін құжаттар jagymdyjanalyq2024@gmail.com жеке электронды поштасы және кеңсеге қағаз жүзінде қабылданды.

Аталған байқау 19-27 қараша аралығына дейін жарияланған болатын. Нәтижесінде бұл байқауға барлығы 20 өтінім түсіп, техникалық іріктеуден өткен 15 өтінім ережеге сәйкес комиссия отырысына жіберілді.

27 қараша күні «Үздік зерттеу - 2024» журналистер байқауының комиссиясы отырысы өткізілді. Комиссия құрамы:

1. Маңдайлы Қосымбай – Қазақстанның Құрметті журналисі
 2. Аягөз Оралбайқызы – ҚР Журналистер Одағының мүшесі, «Qazaqstan» телеарнасының Маңғыстау облысындағы меншікті тілшісі
 3. Милана Елеусинова – ҚР Журналистер Одағының мүшесі, «Ақжетік арайы» газетінің бас редакторының м.а.
 4. Алтынгүл Меңдіхан – «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар» маманы, Радио-жүргізуші
 5. Рысбек Жұбаназаров – «Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы» ММ БАҚ және жұртшылықпен байланыс бөлімінің басшысы
- Техникалық іріктеуден өткен 15 қатысушының өтінімдерін тәуелсіз сарапшылардан құрылған комиссия өкілдері қарап шығып, барлық мақаламен танысып шықты.

Аталған байқау қорытындысы комиссия шешімімен 3 жеңімпаз анықталды және 7 адамға ынталандыру сыйлықтары тағайындалды.

Жеңімпаз атанған 10 қатысушы тізімі:

Жүлдегерлер:

1. 1-орын: Майра Болжанова – «Маңғыстау» телеарнасының редакторы
2. 2-орын: Анаргүл Жексембай – «Маңғыстау» газетінің бас редакторы
3. 3-орын: Голрох Жеменей – «Маңғыстау» газетінің редакторы

Ынталандыру сыйлығын алғандар:

1. Ақсындар Шораева – «Маңғыстау» телеарнасының редакторы
2. Ханым Қуатова – «Маңғыстау» қоғамдық-саяси газетінің редакторы
3. Айгүл Орынбаева – «Маңғыстау» қоғамдық-саяси газетінің редакторы
4. Шалқар Абылова – «ОтпанNEWS» ақпараттық агенттігінің редакторы
5. Жангелді Қаржан – «Маңғыстау медиа» ЖШС редакторы
6. Мереке Мұсаев – «Маңғыстау» телеарнасының редакторы

7. Замира Пірназарова – «Маңғыстау» телеарнасының редакторы

Айта кету керек, ынталандыру сыйлығын алғандарға диплом, статуетка және 20 000 тг. қаржылай сыйақы табысталды. Ал үздіктерге, яғни 3-орын – 100 000 тг, 2-орын – 150 000 тг, 1-орын – 200 000 тг. табысталды.

<https://www.instagram.com/reel/DDeFrNxsNMx/?igsh=ZTM0dnVhd25tb25t>

4 міндет. Маңғыстау облысындағы медиа мамандардың өзара ынтымақтастығын арттыру және ынталандыру мақсатында қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шаралар ұйымдастыру

1 іс-шара. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын құру

Ағымдағы жылы аймақтағы барлық БАҚ пен баспасөз хатшыларына арнайы шақырту жолданып, 25 қараша күні Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын құру бойынша жұмыс отырысы өткізілді. Аталған отырыс басында қор директоры Қуанышбай Нұрлан Алтынбекұлы қатысушыларды қауымдастық құру мақсаты мен міндеттері, жоспары туралы таныстырылды. Маңғыстау облысындағы журналистер мен БАҚ қызметкерлерінің бейресми қауымдастығын құру арқылы олардың кәсіби мүдделерін қорғауға, біліктілігін арттыруға және өңірлік деңгейдегі ақпараттық саясаттың сапасын жақсартуға бағытталғаны бойынша түсіндірілді. Маңғыстау облысындағы БАҚ өкілдерінің ынтымақтастығын нығайту және кәсіби дамуды қолдау қажеттілігін айтып өтті.

Қауымдастық құру мақсаты: Маңғыстау облысында қызмет ететін баспасөз және БАҚ өкілдерін біріктіру арқылы кәсіби орта құру, тәжірибе алмасу, өңірлік мәселелерді талқылау, сондай-ақ ақпараттық саланың дамуына ықпал ету.

Аталған отырыс барысында қаралған мәселелер:

1. Маңғыстау облысында БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын құрудың қажеттілігін талқылау.
2. Қауымдастықтың мақсаттары мен міндеттерін анықтау.
3. Қауымдастық құрылымын және басқару органын қалыптастыру.
4. Алдағы іс-шаралар жоспарын талқылау.

Қауымдастық құру отырысына қатысушылармен бірлесіп қауымдастық құру идеясы талқыланып, оның мақсаты, миссиясы және жұмыс бағыттары бекітілді. Сонымен қатар, өңірдегі БАҚ қызметкерлерінің кәсіби біліктілікті арттыру маңыздылығын, ортақ коммуникациялық платформа құру қажеттілігін және БАҚ-тың өңірдегі қоғамдық рөлін арттыру туралы мәселелерін талқылады.

Қатысушылардың барлығы аймақтағы журналистер мен БАҚ өкілдері арасында ынтымақтастықты нығайту мақсатында бейресми қауымдастық құру қажеттілігін қолдады.

Қауымдастық отырысының қорытындысы бойынша қатысушылар Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын құру туралы шешімді бірауыздан қолдады. Қауымдастық қызметі аймақтық журналистиканың дамуына үлес қосатынына сенім білдірілді. Аймақтың баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығы мүшелерінің бірлескен жоспарына сәйкес қоғамдық-мәдени, қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылып отырды. Қауымдастық құрамына 25 адам тіркелді.

2 іс-шара. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығы мүшелерінің бірлескен жоспарына сай қоғамдық-мәдени, қайырымдылық іс шаралар ұйымдастыру

2024 жылғы 26 қарашада Ақтау қаласында Достық үйі ғимаратының мәжіліс залында қауымдастықтың бірлескен іс-шаралар жоспарының кездесуі өтті. Алғашқы қоғамдық жиыны болып табылады. Жиынға қауымдастықтың 25 мүшесі қатысты.

5-міндет. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бірлескен «Жағымды жаңалық» медиа жобасын іске асыру
1-іс-шара. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бірлескен «Жағымды жаңалық» медиа жобасын іске асыру.
Аймақтың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі оң өзгерістерді, озық тәжірибелер мен қоғамда орын алғын жағымды жаңалықтарға шолу жасау

Жоба аясында қордың «YouTube» видео-хостингінде «Жағымды жаңалық» медиа жоба айдары іске қосылды. Бұл жоба аймақтағы жергілікті мемлекеттік органдардың тарапынан ұсыналатын аймақтың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі оң өзгерістерді, озық тәжірибелер мен қоғамда орын алған жағымды жаңалықтарға шолу жасайды. Жоба БАҚ арқылы қоғамдағы жағымды атмосфераны қалыптастыруға және өңірдің табысты дамуына үлес қосатын бастамаларды насихаттауға бағытталған.

«Жағымды жаңалық» медиа жобасының мақсаты:

Аймақтағы жергілікті мемлекеттік органдардың тарапынан ұсыналатын әлеуметтік-экономикалық өміріндегі оң өзгерістерді, қоғамдағы жағымды оқиғаларды БАҚ арқылы насихаттау және өңір тұрғындары арасында оң көзқарас қалыптастыру.

«Жағымды жаңалық» медиа жоба айдарының міндеттері:

1. Аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жетістіктерді көрсету.
2. Қоғамдағы озық тәжірибелер мен табысты жобаларды жариялау.
3. БАҚ арқылы тұрғындардың өмірге деген сенімін арттыру.

«Жағымды жаңалық» медиа жоба айдарының нәтижелері:

1. Жоба аясында «You Tube» видео-хостингінде «Жағымды жаңалық» айдарында 15 бейнематериал жаңалықтар жарияланды.
2. Әлеуметтік желілерде жарияланған жазбалар мен бейнематериалдар 1500-ға жуық қаралым жинады.
3. Тұрғындардың арасында өңірдегі оң өзгерістер туралы хабардар болу деңгейі артты.
4. Жағымды жаңалықтар арқылы тұрғындардың өмірге деген сенімі күшейді.
5. Аймақтық БАҚ-тың рөлін күшейтуге және қоғамдағы оң құбылыстарды насихаттау саласындағы беделін арттыруға ықпал етті.

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:	Маңғыстау облысында журналистік этика мен кәсібилікті дамыту мақсатында өңірлік БАҚ пен баспасөз саласының кемінде 100 белсенді қызметкерінің біліктілігін арттыру
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:	1. Республикалық 3 сарапшы және жергілікті 3 сарапшыларды тарта отырып аймақтағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған 6 модульдік оқыту бағдарламасы (кризистік коммуникация, фактчекинг, ақпаратты сапалы жазу, өңдеу және талдау, жеке бренд қалыптастыру, заманауи медиа технологиялар мүмкіндігі, медиасауаттылық бағыттар) (әр модуль 2 күннен өткізілді) ұйымдастырылды. Барлығы 204 қатысушы қатысты. 2. Өңірдегі БАҚ саласының қызметкерлері мен ардагерлерінің қатысуымен ерлер арасында «БАҚ Кубогі» шағын футболдан турнир ұйымдастырылды. Аталған турнирге аймақтағы БАҚ саласының қызметкерлері мен ардагерлерінен құралған кемінде 8 команда қатысты. Турнирде 4 үздік командалар жеңімпаз атанып марапатталды. 3. Өңірдегі медиа мамандардың өзара ынтымақтастығын арттыру және ынталандыру мақсатында БАҚ және баспасөз өкілдеріне арналған «BasTime» зияткерлік сайысы ұйымдастырылды. Сайыста барлығы 11 командаға бөлінді. Барлығы 90-ға жуық БАҚ өкілдері қатысты. Зияткерлік сайыс 8 турдан тұрды. Классикалық турда әдебиет, тарих және медиа

		саласына қатысты сұрақтар болса, медиа куизде кино мен музыкаға қатысты қызықты сауалдар беріліп өте эмоциональды ойын болды. Жалпы 8 турдың қорытындысы бойынша 11 команданың үшеуі жеңімпаз атанды. 4. Өңірлік БАҚ қызметкерлері арасында «Үздік зерттеу - 2024 байқауы ұйымдастырылды. 5. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын құрылды. Қауымдастық 25 БАҚ өкілдерінен құрылған. 6. Жоба аясында қордың «You Tube» видео-хостингінде «Жағымды жаңалық» медиа жоба айдары іске қосылды. Бұл жоба аймақтағы жергілікті мемлекеттік органдардың тарапынан ұсыналатын аймақтың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі оң өзгерістерді, озық тәжірибелер мен қоғамда орын алған жағымды жаңалықтарға шолу жасайды. Жоба БАҚ арқылы қоғамдағы жағымды атмосфераны қалыптастыруға және өңірдің табысты дамуына үлес қосатын бастамаларды насихаттауға бағытталған. Аталған медиа айдарында 15 бейнематериал жаңалықтар жарияланып 1500-ға жуық қаралым жинады.							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	

1 міндет. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған кемінде 6 модульдік оқыту бағдарламасы н әзірлеу және іске асыру.	Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған кемінде 6 модульдік оқыту бағдарламасы н әзірлеу және іске асыру.	Мамыр – қараша 2024 жыл	Ақтау қаласы	204		Тапсырыс берушімен келісілген модульдік оқыту бағдарламасы Модуль саны (кризистік коммуникация, фактчекинг, ақпаратты сапалы жазу, өңдеу және талдау, жеке бренд қалыптастыру, заманауи медиа технологиялар мүмкіндігі, медиасауаттылық және т.с.с бағыттар) Әр модуль бойынша өткізілетін күн саны Жолданатын хаттар Республикаға танымал сарапшылар (түйіндемесі, тізімі) Жергілікті спикерлер (түйіндемесі, тізімі) Қатысушылар саны тізімімен Қатысушылар саны Жалпы қатысушы саны	6-дан кем емес	6-дан кем емес	Ағымдағы жылдың 27-28 шілде күндері және 22-31 қараша күндері аралығында Республикалық 3 сарапшы және жергілікті 3 сарапшыларды тарта отырып , Ақтау қаласында аймақтағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған 6 модульдік оқыту ұйымдастырылды. Әр модуль 2 күннен өткізілді. Қатысушылар саны барлығы 204 адам.
							Кемінде 2 күннен Кемінде 6	Кемінде 2 күннен Кемінде 6	
							3 сарапшы	3 сарапшы	
							3 сарапшы	3 сарапшы	
							6	6	
							Әр шараға 25-тен кем емес	Әр шараға 25-тен кем емес	
							100 кем емес	100 кем емес	

						Сертификат (үлгі) Әлеуметтік желіге арналған посттар сериясы Видеоролик Фотоесеп Ақпараттық сайттарға мақала жариялау Пресс-релиз Пікір Қатысушылардың қанағаттану деңгейі Имидждік өнімдер (дәптер, қалам, блокнот)	1 (тираж - 25) Кемінде 6 6- дан кем емес Әр шарадан 5-тен кем емес Әр шарадан 1-ден кем емес 6 Әр шарадан 2-ден кем емес 80% кем емес 1 үлгі (тираж-150)	1 (тираж - 25) Кемінде 6 6- дан кем емес Әр шарадан 5-тен кем емес Әр шарадан 1-ден кем емес 6 Әр шарадан 2-ден кем емес 80% кем емес 1 үлгі (тираж-150)	
2 міндет. Маңғыстау облысындағы медиа мамандардың өзара ынтымақтастығын арттыру және ынталандыру мақсатында қоғамдық-	«БАҚ Кубогі» БАҚ саласының қызметкерлері мен ардагерлерінің қатысуымен ерлер арасында шағын футболдан	Мамыр – қараша 2024 жыл	Ақтау қаласы	120		Тапсырыс берушімен келісілген жарысқа шақыру анонс-видеосы Тапсырыс берушімен келісілген жарыс ережесі	1 1 екі тілде	1 1 екі тілде	Жоба аясында өңірдегі БАҚ саласының қызметкерлері мен ардагерлерінің қатысуымен ерлер арасында «БАҚ Кубогі» шағын футболдан турнир ұйымдастырылды. Аталған турнирге аймақтағы БАҚ

мәдени, спорттық іс- шаралар ұйымдастыру.	турнир ұйымдастыру					Қатысушы командалар саны	5-тен кем емес	5-тен кем емес	саласының қызметкерлері мен ардагерлерінен құралған кемінде 8 команда қатысты. Турнирде 4 үздік командалар жеңімпаз атанып марапатталды.
						Командалар құрамы бекітілген өтінім	2-ден кем емес	2-ден кем емес	
						Жарыс төрешілерінің тізімі (ақпарат)	1	1	
						Дәрігер маманы (ақпарат)	1	1	
						Әлеуметтік желіге арналған посттар сериясы	3-тен кем емес	3-тен кем емес	
						Видеоролик	1	1	
						Фотоесеп	10-нан кем емес	10-нан кем емес	
						Пресс-релиз	2	2	
						Ақпараттық сайттарға мақала жариялау	1	1	
						Қатысушылар тізімі	40 – тан кем емес	40 – тан кем емес	
						Пікір	3-тен кем емес	3-тен кем емес	
						Жарысты қорытындылайтын хаттама	1	1	
						Жеңімпаздарға берілетін диплом, кубок, медаль үлгісі	1	1	
						Жүлде қоры	1 орын – 1*100 000 теңге	1 орын – 1*100 000 теңге	

						Жүлде қорын табыстау актісі	2 орын – 1*70 000 теңге 3 орын – 1*50 000 теңге 1	2 орын – 1*70 000 теңге 3 орын – 1*50 000 теңге 1	
	Өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларының қатысуымен «BasTime» зияткерлік сайысы ұйымдастыру	Мамыр – қараша 2024 жыл	Ақтау қаласы	90		Тапсырыс берушімен келісілген бағдарлама Тапсырыс берушімен келісілген ереже Қатысушылар тізімі Әлеуметтік желіге арналған посттар сериясы Видеоролик Пресс-релиз Ақпараттық сайттарға мақала жариялау Пікір Фотоесеп Қорытынды ақпарат Жарысты қорытындылайтын хаттама	1 1 70-тен кем емес 3-тен кем емес 1 1 2 3 10-нан кем емес 1 1	1 1 70-тен кем емес 3-тен кем емес 1 1 2 3 10-нан кем емес 1 1	Жоба аясында БАҚ және баспасөз өкілдеріне арналған «BasTime» зияткерлік сайысы ұйымдастырылды. Сайыста барлығы 11 командаға бөлінді. Барлығы 90-ға жуық БАҚ өкілдері қатысты. Зияткерлік сайыс 8 турдан тұрды. Жалпы 8 турдың қорытындысы бойынша 11 команданың үшеуі жеңімпаз атанды.

						Жеңімпаздарға берілетін диплом, кубок, медаль үлгісі	1	1	
						Жүлде қоры	1 орын – 1*100 000 теңге 2 орын – 1*70 000 теңге 3 орын – 1*50 000 теңге	1 орын – 1*100 000 теңге 2 орын – 1*70 000 теңге 3 орын – 1*50 000 теңге	
						Жүлде қорын табыстау актісі	1	1	
3 міндет. Маңғыстау облысындағы БАҚ қызметкерлерінің журналистік зерттеу жүргізуін ынталандыру.	Өңірде БАҚ қызметкерлері арналған «Үздік зерттеу - 2024» журналистер байқауын өткізу («Үздік сюжет», «Үздік бағдарлама», «Үздік журналисттік зерттеу», «Үздік сыни мақала», «Үздік экономикалық сараптама», «Үздік әлеметтік мәселе» аталымы бойынша)	Мамыр – қараша 2024 жыл	Ақтау қаласы	20		Тапсырыс берушімен келісілген байқау ережесі	1	1	Ағымдағы жылдың 20 – 25 қараша аралығында Өңірлік БАҚ қызметкерлері арасында «Үздік зерттеу - 2024» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға — өтінім келіп түсті. Байқау аясында құрылған комиссиясының шешімімен 3 жеңімпаз және 7 адам ынталандыру жүлдесімен марапатталды.
						Байқау туралы жариялау	1 (екі тілде)	1 (екі тілде)	
						Аталым саны	6	6	
						Пресс-релиз	1	1	
						Комиссия мүшелері (тізімі, резюмесі)	5-тен кем емес	5-тен кем емес	
						Қатысушылар саны	20-дан кем емес	20-дан кем емес	
						Комиссия отырысының хаттамасы	1	1	
						Жеңімпаздарға берілетін дипломдар мен сыйлықтар үлгісі	1	1	

						Әлеуметтік желіге арналған посттар сериясы Видеоролик Ақпараттық сайттарға мақала жариялау БАҚ-та жарияланым Пікір Жүлде қоры Жүлде қорын табыстау актісі	5-тен кем емес 1 2 1 5-тен кем емес I орын – 200 000 II орын – 150 000 III орын – 100 000 Ынталандыру жүлдесі – 20 000 * 7 адам 1	5-тен кем емес 1 2 1 5-тен кем емес I орын – 200 000 II орын – 150 000 III орын – 100 000 Ынталандыру жүлдесі – 20 000 * 7 адам 1	
4-міндет. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын құру.	Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын құру	Мамыр – қараша 2024 жыл	Ақтау қаласы	25		Арнайы шақырту жолдау Пресс-релиз/Ақпараттық жазба Тапсырыс берушімен келісілген жиын жоспары / бағдарламасы Отырыс хаттамасы	10-нан кем емес 1 1 1	10-нан кем емес 1 1 1	Жоба аясында Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын құрылды. Қауымдастық 25 БАҚ өкілдерінен құрылған.

						Қатысушылар тізімі Қауымдастыққа тіркелушілер саны Әлеуметтік желіге арналған посттар сериясы Видеоролик Ақпараттық сайтқа мақала жариялау БАҚ жарияланым Пікір Фотоесеп	25-тен кем емес 25-дан кем емес 3-тен кем емес 1 3 1 3 5	25-тен кем емес 25-дан кем емес 3-тен кем емес 1 3 1 3 5	
						Қауымдастықтың бірлескен іс-шаралар жоспары Ұйымдастырылған іс-шаралар саны Қатысушылар тізімі Фото және видео есеп Жарияланым	1 1-ден кем емес 1 әр шара бойынша 5 фото және 1 видео әр шара бойынша 1 әр шара бойынша		
5-міндет. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің	Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бірлескен	Мамыр – қараша 2024 жыл	Ақтау қаласы	1500		Хабарландыру Пресс-релиз Ақпараттық серіктестік ұйымдар	1 1 2-ден кем емес	1 1 2	Жоба аясында қордың «You Tube» видео-хостингінде «Жағымды жаңалық» медиа жоба айдары іске қосылды. Аталған

бірлескен «Жағымды жаңалық» медиа жобасын іске	«Жағымды жаңалық» медиа жобасын іске асыру. Аймақтың әлеуметтік- экономикалы қ өміріндегі оң өзгерістерді, озық тәжірибелер мен қоғамда орын алғын жағымды жаңалықтарға шолу жасау					«You Tube» видео- хостингінде «Жағымды жаңалық» айдарында жарияланған жаңалықтар сілтемесі мен скрині	1	1	медиа айдарында 15 бейнематериал жаңалықтар жарияланып 1500-ға жуық қаралым жинады.
						Контент жоспар	1	1	
						Шығарылым саны	Кемінде 15	15	
						Қаралым саны	1500	1500	
						Ақпараттық сайттарға мақала жариялау	2	2	
						Әлеуметтік желіге арналған посттар сериясы (мемлекеттік органдардың және қордың парақшалары)	5	5	
Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентацияс ы	Жобаның қорытынды презентацияс ы					Бағдарлама Презентация Әлеуметтік желіге арналған посттар сериясы Қатысушылар саны	1 1 2 15-тен кем емес		
	Жоба қатысушылар ының онлайн сауалнама					Пре-пост сауалнама үлгісі Қорытынды анализ Сауалнама қатысушылар тізімі	1 1 1 (80% деңгейі)		

	Фокус топтық талқылау жасау					Бағдарлама (сұрақтармен) Қатысушылар тізімі Қорытынды анализ	1 1 1		
Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс	Контент жоспар жасау					Контент жоспар	1		
	Жоба аясындағы іс-шараларды әлеуметтік желідегі парақшалар арқылы ақпараттандыру					Әлеуметтік желіге арналған посттар сериясы Әлеуметтік желіде жарияланатын видеороликтер Тартылған танымал инфлюенсерлер	35-тен кем емес 15-тен кем емес 3-тен кем емес		
	Республикалық және жергілікті БАҚ-та ақпарат орналастыру					«Маңғыстау» телеарнасында жаңалықтар арқылы ақпараттық насихат жүргізу «Маңғыстау медиа» ЖШС газет, сайттарға мақала жариялау «Қоғамдық коммуникациялар орталығы» КММ Брифинг Ақпараттық мақала жариялау	5-тен кем емес материал шығару 5-тен кем емес мақала жариялау 1 5-тен кем емес мақала жариялау		
	Жоба барысындағы іс-шараларды жергілікті атқарушы					Аталған ұйымның әлеуметтік желідегі парақшасына ақпарат жариялау	5-тен кем емес		

	биліктің әлеуметтік желідегі парақшасына ақпарат жариялау					Аталған ұйымның әлеуметтік желідегі парақшасына ақпарат жариялау	5-тен кем емес		
						Аталған ұйымның әлеуметтік желідегі парақшасына ақпарат жариялау	5-тен кем емес		

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:

Жоба нәтижелерінің бірі Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығы құрылды. Қауымдастық құрамында 25 БАҚ өкілдерінен құралған. Алдағы уақытта аймақтың баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығы мүшелерінің бірлескен жоспарына сәйкес қоғамдық-мәдени, қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылып отырады.

Сонымен қатар, «Жағымды жаңалық» медиа жоба айдары Маңғыстау облысында қоғамдағы оң өзгерістерді насихаттауда тиімді құралға айналды. Жобаның сәтті жүзеге асырылуы тұрғындардың өңірдегі даму процестеріне оң көзқарас қалыптастыруына септігін тигізді.

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	459	459
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	1500	1500
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам		
4.	Тартылған мамандардың саны	адам		
5.	Қамтылған ҮЕҰ саны	ұйым	-	-
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге		
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге		
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге		
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	17	17

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): Өңірдегі БАҚ пен баспасөз қызметкерлерін жан-жақты қолдауға бағытталған кешенді іс-шаралар жобасын жүзеге асыру жобалық қызметінде жандардыру жобасының негізгі мақсаты орындалды. Жоба аясында 204 журналист пен баспасөз қызметкері арнайы 6 модульдік оқыту курстарынан өтті. Бұл оқытудан кейін қатысушылардың 80%-дан астам қатысушы әлеуметтік жобаның кәсіби деңгейіде ұйымдастырғанын атап өтті. Жоба аясында өңірлік журналистердің кәсіби деңгейі артты, ақпарат тарату сапасы жақсарды. «БАҚ Кубогі» шағын футболдан турнирі БАҚ саласының қызметкерлерінің арасындағы ынтымақты нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттады. Бұл шара қатысушыларға кәсіби емес ортада бірігіп, командалық рухты күшейтуге және жаңа қарым-қатынастар орнатуға мүмкіндік берді. Турнирдің жоғары деңгейде өтуі және қатысушылардың оң пікірлері оның ұйымдастырылу мақсатына жеткенін айқын дәлелдейді. «BAQ MEDIA QUIZ» зияткерлік сайысы БАҚ саласы қызметкерлерінің зияткерлік әлеуетін арттыруға, олардың білімін тереңдетуге және шығармашылық байланыстарды нығайтуға ықпал етті. Қатысушылардың белсенділігі мен жоғары қызығушылығы, сондай-ақ сайыстың қызықты форматта ұйымдастырылуы оның негізгі міндеттерінің орындалғанын дәлелдейді. Іс-шара командалық рухты қалыптастырып, қатысушылардың кәсіби деңгейін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. «Үздік зерттеу - 2024» журналистер байқауы журналистердің зерттеу саласындағы кәсіби шеберлігін арттырып, қоғам үшін өзекті тақырыптарды терең әрі мазмұнды талдауға ынталандырды. Қатысушылардың жоғары белсенділігі мен сапалы материалдары байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес болғанын көрсетті. Байқау нәтижесінде үздік жұмыстар қоғамда кеңінен танылып, журналистердің кәсіби дамуына серпін берді. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығы аймақтағы журналистерді біріктіріп, кәсіби тәжірибе алмасу, ортақ мәселелерді шешу және медиа саласын дамыту жолында жаңа мүмкіндіктер ашты. «Жағымды жаңалық» медиа жоба айдары қоғамда позитивті ақпарат тарату арқылы халықтың көңіл-күйін көтеріп, жағымды оқиғаларды көпшілікке насихаттауға ықпал етті.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

Маңғыстау облысында жүзеге асқан жоба ақпараттық өзара әрекеттестікті жақсартуға елеулі үлес қосты. Мемлекеттік мекемелердің баспасөз қызметтері мен БАҚ өкілдеріне арналған модульдік оқу бағдарламасы қатысушылардың ақпаратты тексеру, сапалы контент әзірлеу және дағдарыс коммуникацияларын басқару дағдыларын дамытты.

Нәтижесінде, өңірде ресми ақпарат көздеріне деген сенім артып, әлеуметтік желілердегі материалдардың сапасы жақсарды. Қоғаммен өзара байланыс күшейіп, мемлекеттік органдардың ақпаратты ашық және түсінікті жеткізу қабілеті артты. Бұл, өз кезегінде, тұрғындар мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етті.

Жоба медиа сауаттылықты дамытуға және ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуге маңызды қадам болды, ұзақ мерзімді әлеуметтік әсерін тигізетін өзгерістерге жол ашты.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
------------------------------------	-------	---------

150	88	62
-----	----	----

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
150	-	60	14	50	-	-	-	-	-	26

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
150	-	5	26	54	57	8	-

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1. Көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

2024 жылдың шілде-қазан айларында Маңғыстау облысында БАҚ өкілдеріне арналған 6 модульді оқыту бағдарламасы өтті. Тренингтерге телеарна журналистері, газет редакторлары, сайт тілшілері, баспасөз хатшылары және PR мамандары қатысты. Сауалнамаға сәйкес, қатысушылардың 80%-дан астамы тренингтердің пайдалы болғанын атап өтті.

Медиа ынтымақтастықты арттыру үшін «БАҚ Кубогі» шағын футбол турнирі мен «BasTime» зияткерлік сайысы ұйымдастырылды. Турнирге 8 команда қатысып, финалда «Маңғыстау» телеарнасы мен «Мұнай тамшылары» ойнады. Сайысқа 90-ға жуық БАҚ өкілі қатысып, жеңімпаздарға сыйлықтар берілді.

Журналистік зерттеулерді қолдау мақсатында «Маңғыстау – мүмкіндіктер мекені» байқауы өткізіліп, 15 жұмыс қаралып, үш жеңімпаз және жеті ынталандыру сыйлығының иегерлері марапатталды.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаның ұзақмерзімді ықпалының оң өзгерістерін атап өтсек, Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған оқыту бағдарламасы мен қоғамдық-мәдени іс-шаралар олардың кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етті. 6 модульдік оқыту бағдарламасының нәтижесінде БАҚ өкілдері жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдермен танысып, білімдерін жетілдірді, бұл өз кезегінде ақпараттық саясаттың сапасын жақсартуға бағытталған. Сонымен қатар, ұйымдастырылған зияткерлік сайыстар мен спорттық турнирлер медиа мамандар арасында өзара ынтымақтастықты арттырып, олардың кәсіби бірлестігін нығайтуға үлес қосты. Бұл шаралар медиа саласының дамуына, жаңа мүмкіндіктер мен инновациялық тәсілдер енгізуге мүмкіндік беріп, облыс деңгейінде БАҚ-тың сапалы ақпарат таратуына ықпал етті.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Бұл жоба журналистер мен баспасөз қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға бағытталған модульдік оқыту бағдарламасы арқылы өңірлік БАҚ-тың кәсіби деңгейі жақсарды. Бұл халыққа сапалы ақпараттың қолжетімділігіне өңірлік экономиканың тұрақты дамуына оң ықпал етті.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?

Серіктестердің қатысуы жобаға оң әсерін тигізді, мысалы, «Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Маңғыстау» телеарнасы арқылы жұртшылық жоба туралы және ұйымымыздың жұмысы туралы ақпараттандырылды, нәтижесінде ұйымымыздың танылуы артып, компанияның имиджі жақсарды.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жоюадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
«Маңғыстау» телеарнасы директоры Окуов – Нұрбол Қаржаубайұлы	Ақпараттық қолдау, жобаның іс-шараларын БАҚ-та жариялау	Байланыс телефоны: 8(7292) 30-30-14	-
«Маңғыстау Медиа» ЖШС директоры – Әбішева Гүлмира Өйткенқызы	Ақпараттық қолдау, жобаның іс-шараларын БАҚ-та жариялау	Байланыс телефоны: 8 (7292) 20 48 34	-
«Factchek.kz» сайтының журналисті, медиа-тренер – Жансерік Тілеухан	Тренер	Байланыс телефоны: 87472456295	-
«ATAMEKEN BUSINESS» телеарнасы Жаңалықтар бөлімінің бас редакторы – Сопбеков Нұржан	Тренер	Байланыс телефоны: 87077744123	-

«Хабар» телеарнасының директоры, тележүргізуші», «Мөлдір сөйле» блогының авторы – Мөлдір Доспаева	Тренер	Байланыс телефоны: 87753132266	-
Т«Маңғыстау Медиа» ЖШС қарасты Маңғыстау газетінің бас редакторы – Тындырғанова Лаура	Тренер	Байланыс телефоны: 87018694040	-
«Маңғыстау Медиа» ЖШС СММ маманы, журналист – Нұргүл Әлиясова	Тренер	Байланыс телефоны:87086718115	-
«Атамекен» бизнес телеарнасының Маңғыстау облысы бойынша меншікті тілшісі – Жадыра Шалабаева	Тренер	Байланыс телефоны: 87029116343	-
«BasTIME_Aktau» қазақша куиз жетекшісі – Алтынгүл Меңдіхан	Тренер	Байланыс телефоны:	-
«Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысы – Қуанышбеков Батырхан Кенжеғалиұлы	Жоба туралы ақпаратты тарату, іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу	Байланыс телефоны: 8/7292 46-21-77	-
«Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысы – Оралбай Мұқаш Даниэльұлы	Жоба туралы ақпаратты тарату	Байланыс телефоны: 8/7292/33-55-20	-
Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы – Мұқаш Мақсат Асқарұлы	Ақпараттандыру	Байланыс телефоны: 8(7292) 33-05-79	-
	Сарапшылық қызмет, байқау комиссиясының мүшесі	Байланыс телефоны:	
	Сарапшылық қызмет, байқау комиссиясының мүшесі	Байланыс телефоны:	
	Сарапшылық қызмет, байқау комиссиясының мүшесі	Байланыс телефоны:	
	Сарапшылық қызмет, байқау комиссиясының мүшесі	Байланыс телефоны:	
	Сарапшылық қызмет, байқау комиссиясының мүшесі	Байланыс телефоны:	

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже
	«Өңірдегі БАҚ пен баспасөз қызметкерлерін жан-жақты қолдауға бағытталған кешенді іс-шаралар жобасын жүзеге асыру»	Аймақтағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің біліктілігін арттыру;	№1 іс-шара Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған кемінде 3 модульдік оқыту бағдарламасын іске асыру. 3 модульдік оқыту тақытыптары: - «Нақты ақпаратты дер кезінде ұсыну, баспасөз релизін сауатты жазу» - «Сапалы контентті қалыптастыру, ақпаратты берудің жаңа стильдері мен әдістері» - «Аудио және видео визуалды қалыптастыру жолдары» №2 іс-шара Маңғыстау облысындағы медиа мамандардың өзара ынтымақтастығын арттыру және	20 000 000 теңге	Мемлекеттік грант	Жоба нәтижесінде Республикалық 3 сарапшы және жергілікті 3 сарапшыларды тарта отырып, Ақтау қаласында аймақтағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған 3 модульдік оқыту ұйымдастырылады. Әр модуль 1 күннен өткізілді. Қатысушылар саны барлығы 75 кем емес. Өңірдегі БАҚ саласының қызметкерлері мен ардагерлерінің қатысуымен ерлер арасында «БАҚ Кубогі» шағын футболдан турнир ұйымдастырылады.

			ынталандыру мақсатында қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шаралар ұйымдастыру: Аталған міндетті іске асыру үшін өңірде «БАҚ Кубогі» жобасы іске асыру. Сонымен қатар, Өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларының қатысуымен «BasTime» зияткерлік сайысы ұйымдастыру. №3 іс-шара Маңғыстау облысындағы БАҚ қызметкерлерінің журналистік зерттеу жүргізуін ынталандыру: Өңірде БАҚ қызметкерлері арналған «Үздік зерттеу - 2024» журналистер байқауы жариялау. №4 іс – шара 2024 жылы жоба аясында құрылған Маңғыстау облысындағы		Турнирде 4 үздік командалар жеңімпаз атанып марапатталады. Сонымен қатар БАҚ және баспасөз өкілдеріне арналған «BasTime» зияткерлік сайысы ұйымдастырылады. Барлығы 90-ға жуық БАҚ өкілдері қатысады. Жалпы турдың қорытындысы бойынша команданың ішінін 3 жеңімпаз команда марапатталады. Өңірлік БАҚ қызметкерлері арасында «Үздік зерттеу - 2024 байқауы ұйымдастырылады. Байқауға келіп түскен өтінімдердің ішінен Байқау аясында құрылған
--	--	--	--	--	---

			баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын жалғастыру. №5 іс – шара «Жағымды жаңалық» медиа жоба айдары.			комиссиясының шешімімен 3 жеңімпаз және 7 адам ынталандыру жүлдесімен марапатталады. 2024 жылы жоба аясында құрылған Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығында іс-шаралар ұйымдастыру. 2024 жылы жоба аясында жүзеге асқан «Жағымды жаңалық» медиа жоба айдары жалғасын табады. Тақырып аясын кеңейтіп, аймақтағы жасыл энергетика, инновациялық технологиялар және білім беру саласындағы
--	--	--	--	--	--	--

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)
«Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі	1. Тренингтер мен семинарлар: Жас мамандарға арналған тренингтер ұйымдастыру, онда медиа стратегияларын, журналистикадағы этиканы, және цифрлық құралдарды қолдану дағдыларын дамытуға көңіл бөлу. Бұл жастарға кәсіби біліктіліктерін арттыруға көмектеседі. 2. Медиа күні: Жастар мен БАҚ өкілдерін біріктіретін медиа күні өткізу. Бұл шара барысында түрлі тақырыптар бойынша пікір алмасу, презентациялар өткізу және жастардың медиа саласындағы қызығушылықтарын арттыру мақсатында түрлі шеберлік сыныптарын ұйымдастыру. 3. Кросс-медиа жобалар: Жас журналистер мен студенттер арасында кросс-медиа жобаларын қолға алу. Мысалы, жергілікті мәселелерді көтеру бойынша видео- немесе жазбаша материалдар жасау. 4. Конференциялар: Жас мамандар мен тәжірибелі мамандарды біріктіру 5. Мемлекеттік органдардың медиа аналитиктерін біріктіру, оларды оқыту, марапаттау.	25 қараша 2024 жыл

	6. Саясатты әрмен қарай жаңа технологиялар арқылы жаңғыртып отыру. 7. Тренингтерді жиі көбірек өткізу.	
--	---	--

Есеп беттерінің жалпы саны: 28

Грант алушы:

директор/_____/Куанышбай Нұрлан Алтынбекұлы

Толтыру күні: 27.11.2024

Мөрдің орны

